

XFTAP 10.77.11

Г.А. Қуаналиева¹, Ж.М. Басыгараев², Г.К. Шуланбекова³, Н. Саулен⁴

¹²³Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан

⁴Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан

(¹kuanalieva.guldanakz@mail.ru, ²zbasygaraev@gmail.com, ³gul15-73@mail.ru, ⁴nuri_saulen@mail.ru)

«Жасыл экономикаға» көшу және экологиялық құқық бұзушылықтардың кейбір мәселелері

Аңдатпа. Экологиялық мәселе қазіргі заманның әлемдік проблемаларының бірі болып табылады. Ол ресурстардың дефициті, экологиялық қауіпсіздік және экологиялық дағдарыс сұрақтарымен тығыз байланысты. Экологиялық мәселелерді шешу жолдарының бірі, адамзат өркениетінің дамуы баламасы ретіндегі «тұрақты даму» жолы болып табылады. Экологиялық проблеманы табиғаттың құрылымы мен әрекет етуінің бұзылуына әкеліп соғатын табиғи ортаның өзгеруі ретінде түсіндіруге болады.

Мемлекетімізде Елбасының бастамасымен «жасыл экономикаға» көшуі саясаты жүзеге асырылып жатыр. ХХІ ғасыр басында Қазақстан жалпы экологиялық және экономикалық жағдай шарттарының бұзылуының жаһандық проблемасымен және соның салдарынан әлеуметтік әл-ауқаттың нашарлау қаупімен бетпе-бет келді. Сондықтан да, бұл қордаланып қалған проблемаларды шешудің тиімді жолдарының бірі елімізді «жасыл экономикаға» көшіру болып табылады.

Экологиялық құқық бұзушылық деп, экологиялық зиян тигізетін немесе нақты зиян тигізу қауіпін тудыратын, я болмаса экологиялық құқық субъектілерінің құқықтары мен заңды мүдделерін бұзатын құқықтық әрекет қабілеттілігі бар субъектінің құқыққа қайшы, кінәлі іс-әрекетін (әрекет немесе әрекетсіздігі) айтамыз.

Қоғамға қауіптілік дәрежесіне байланысты экологиялық құқық бұзушылықтар теріс қылықтар және қылмыстар деп ажыратылады. Біріншісі яғни қоғамға қауіптілігі аз іс-әрекеттер, екіншісімен салыстырған кезде тәртіптік, материалдық, әкімшілік және азаматтық құқық бұзушылықтар болып табылады. Экологиялық құқық бұзушылықтардың түріне байланысты, тәртіптік, материалдық, әкімшілік, қылмыстық және азаматтық-құқықтық жауаптылық пайда болады.

Түйін сөздер: Экология, экологиялық дағдарыс, экологиялық қауіпсіздік, «жасыл экономика», экологиялық құқық бұзушылық, экологиялық жауаптылық.

DOI: <https://doi.org/10.32523/2616-6844-2019-126-1-138-154>

Кіріспе. Мемлекет басшысы Н.Ә.Назарбаевтың 5 қазан 2018 жылғы «Қазақстандықтардың әл-ауқатының өсуі: табыс пен тұрмыс сапасын арттыру» атты Қазақстан халқына жолдауында: «Экологиялық ахуалды жақсарту, соның ішінде зиянды заттардың таралуы, топырақтың, жердің, ауаның жағдайы, қалдықтарды жою, сондай-ақ онлайн түрде еркін қолжетімді экологиялық мониторинг жүргізу жүйесін дамыту жөніндегі жұмыстарды күшейту қажет» деп дұрыс көрсетілген [1].

Экологиялық ахуалды жақсарту барлық мемлекеттердің алдында тұрған өзекті мәселе. Сондықтан кез келген мемлекет экологиялық жағдайды жақсартуға байланысты нық қадамдар жасап, нормативтік-құқықтық актілердің жүйесін қалыптастырады. Қазақстан Республикасының Конституциясының 31-бабында: «Мемлекет адамның өмір сүруі мен денсаулығына қолайлы айналадағы ортаны қорғауды мақсат етіп қояды» деген норма бекітілген [2]. Айналадағы қоршаған ортаның ластану проблемасы мемлекеттің экологиялық дамуына елеулі кедергі келтіреді. Сол себептен әлемдік шаруашылықтың дамуының бір бағыты ретінде Қазақстан қоғамы экономиканы экологизациялауды ескере келе, өзінің Ата заңында адамның өмірі мен денсаулығына қолайлы қоршаған ортаны қорғау туралы

мәселелерді заң жүзінде бекіткен. Қоршаған табиғи ортаны қорғау және табиғи ресурстарды тиімді пайдалану — қоғамның экономикалық даму барысын жетілдірудің міндетті шарты. Біздің елімізде табиғатты қорғау және оның байлықтарын тиімді пайдалану қоғамның дамуының конституциялық қағидаларына енгізілген, ол әрбір адамның парызы ретінде жалпы-мемлекеттік, жалпыхалықтық міндет болып табылады.

Елбасының Қазақстан халқына жолдауында «Біздің еліміз бірқатар артықшылықтарға ие. Жаратқан бізге көп табиғи байлық сыйлаған. Басқа елдер мен халықтарға біздің ресурстарымыз қажет болады. Бізге өз табиғи байлықтарымызға деген көзқарасымызды ой елегінен өткізудің принципті маңызы бар. Біз оларды сатудан қазынамызға кіріс құя отырып, оларды дұрыс басқаруды, ең бастысы, еліміздің табиғи байлығын орнықты экономикалық өсуге барынша тиімді кіріктіруді үйренуіміз керек» деп нақты көрсетілген [3].

Мақаланың мақсаты мен міндеттері. Қазақстан Республикасының «Жасыл экономикаға» көшу аясындағы экологиялық мәселелерді зерттеу және экологиялық құқық бұзушылықтарды талдау, осы тұстағы заңнамаларды жетілдіруге байланысты ұсыныстар жасау. Аталған мақсаттарға жету үшін келесі міндеттер алға тартылады: «Жасыл экономикаға» көшу аясындағы мемлекеттік бағдарламаларды талдау; Қазақстандағы экологиялық мәселелерді зерделеу; экологиялық құқық бұзушылықтарды, олардың түрдерін саралау, Қазақстан Республикасының әкімшілік, қылмыстық заңнамаларындағы экологиялық әкімшілік және қылмыстық құқық бұзушылықтарды талдау.

Елбасымыз Н. Ә. Назарбаевтың 2012 жылғы 14 желтоқсандағы «Қазақстан-2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауында көмірсутегі экономикасының дәуірі бірте-бірте аяқталып келе жатқаны анық екенін, адамзаттың өмір тіршілігі тек бір ғана мұнай мен газға емес, энергияның жаңғыртылатын көздеріне негізделетін жаңа дәуір келе жатқанын атап өтті. Осы мақсатта Қазақстан Республикасы Президентінің 2013 жылғы 30 мамырдағы №577 Жарлығымен Қазақстан Республикасының «жасыл экономикаға» көшуі жөніндегі тұжырымдамасы бекітілді. Еліміздің «Жасыл экономикаға» көшу тұжырымдамасы үш кезеңмен жүзеге асырылады және 2050 жылға дейінгі уақытты қамтиды. Тұжырымдаманы жүзеге асыруды үш кезеңде жүзеге асыру жоспарланған. Бірінші кезеңде (2013–2020 жж.) ресурстарды пайдалануды оңтайландыру және табиғатты қорғау қызметінің тиімділігін арттыру, сондай-ақ «жасыл» инфрақұрылым құру жоспарланған. Екінші кезең (2020–2030 жж.) табиғат ресурстарын рационалды пайдалану, жоғары технологиялар базасындағы жаңартылмалы энергетиканы енгізу. Және үшінші кезеңде (2030–2050 жж.) «үшінші өнеркәсіптік революция» принциптеріне көшуі жүзеге асырылады.

«Қазақстан-2050» Стратегиясының жасыл экономикаға көшу бағытындағы тұжырымдамасының негізгі мақсаты:

- су және жер ресурстарын қайта қалпына келтіру, табиғат капиталын пайдалану тиімділігі бойынша ЭБДҰ елдерімен иық теңестіру;

- 2030 жылға қарай атмосфераға шығарылатын қалдықтар бойынша стандарттарды еуропалық деңгейге жеткізу;

- 2050 жылға қарай ЖІӨ-нің энергия сыйымдылығының 50%-ға төмендеуіне қол жеткізу;

- 2050 жылға қарай энергияның балама және қайта қалпына келетін көздерінің жиынтық өнімділігінің үлесін 50%-ға дейін жеткізу;

- тұрмыстық және өнеркәсіптік қалдықтарды кәдеге жарататын индустрия құру;

- тиімді инфрақұрылымы бар газ саласын құруды қамтамасыз ету болып табылады.

«Экономика секторлары бойынша Тұжырымдаманың нақты міндеттерін іске асырудың құралдары ауа сапасын жақсарту, өндіріс және тұтыну қалдықтарын басқару, құрғақшылыққа, жердің тозуына қарсы күрес және топырақтың құнарлылығын арттыру,

балық шаруашылығын, аквадақылдарды дамыту мен балық ресурстарын молықтыру сияқты мәселелерге жаңа екпін түсірілетін және түзетілетін «Агробизнес-2020» Қазақстан Республикасында агорөнеркәсіптік кешенді дамыту жөніндегі 2013-2020 жылдарға арналған бағдарламасы, Қазақстан Республикасын үдемелі индустриялық-инновациялық дамыту жөніндегі 2010-2014 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы, Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы, аумақтарды дамыту бағдарламасы, мемлекеттік органдардың стратегиялық жоспарлары, 2010-2014 жылдарға арналған «Жасыл даму» салалық бағдарламасы мен басқа да салалық бағдарламалар сияқты, Тұжырымдаманың негізгі бағыттарын енгізу бөлігінде өзгерістер мен толықтырулар енгізу ескерілетін қолданыстағы бағдарламалық құжаттар болып табылады.

Сонымен қатар, су ресурстарын басқару жөніндегі 2014-2040 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарлама әзірлеу жоспарланып отыр.

Есептеу бойынша 2050 жылға қарай «жасыл экономика» шеңберіндегі жаңартулар жалпы ішкі өнімді 3 пайызға қосымша ұлғайтып, 500 мыңнан астам жаңа жұмыс орындарын құруға, өнеркәсіп пен қызмет көрсетулердің жаңа салаларын қалыптастыруға, халық үшін сапалы өмір сүру стандарттарын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді» [4].

Тарихи шолу. Қазақстан аумағы Еуразия материгінің жүрегінде орналасқан. Біздің Республикамыздың климаты шұғыл континенталды болып табылады. Сондықтан Қазақстанның өсімдіктер әлемі көптеген стресс жағдайларына душар болады. Осындай жағымсыз жайттарды жақсарту және Республикадағы экологиялық ахуалды қалыпқа келтіру үшін 2013-2014 жылдарға «Жасыл ел», «Жасыл даму», «Жасыл көпір», 2005-2015 жылдарға Қазақстан Республикасының шөлденуіне қарсы үлкен экологиялық бағдарламалар қабылданып, жүргізілді. Бұл Бағдарламаларда Қазақстандағы экологиялық проблемаларға толық талдау жасалып, нақты мақсаттар қойылып, Бағдарламаны жүзеге асыру механизмдері анықталынды.

Экологиялық дағдарыстарды өту сипатына байланысты 2 топқа бөліп қарастыруға болады. Біріншісіне аяқасты пайда болатын дағдарыстар жатқызылады. Мұндай дағдарыстардың мысалдары ретінде өнеркәсіптік апаттарды айтуға болады. Екінші топқа «сипаты жағынан жай жүретін дағдарыстар» кіреді. Мұндай экологиялық дағдарыстар сапалы өзгерістер сандық өзгерістерге өткенше тіпті онжылдықтарды қамтуы мүмкін. Мұндай дағдарыстардың қалыпты мысалдары ретінде аграрлық экологиялық дағдарыстарды атап айтуға болады. Мысал ретінде Арал теңізінің аумағындағы тұздануға әкелген Арал дағдарысын келтіруге болады. Қазіргі таңда жай жүретін экологиялық дағдарыстың нақты мысалы ретінде аридтену және үлкен аймақтардың ормансыздануын жатқызуға болады. Ауыл шаруашылығын рационалды емес жүргізу, ормандардың қырқылуы үлкен аумақтағы экологиялық деградацияға әкеледі.

Қазақстандағы климаттың жылыну проблемасы қазіргі таңдағы өзекті мәселелердің бірі болып табылады, өйткені мемлекет аумағындағы ауа температурасының орташа деңгейі көтерілгені байқалады (100 жылда орта есеппен 1,8°C-ға, бұл әлемдік деңгейден шамамен екі есе жоғары) [5, 2 б.].

Әр түрлі әсерлерге экожүйелердің тұрақтылығы әрекет ету күшіне, деңгейіне, шапшаңдығына және уақытқа тікелей тәуелді болып келеді.

Өсімдіктердің қалпына келу үрдісін қарастырайық:

1993 жылға дейін мемлекеттік (70 мыңға жуық шартты мал басы) және жеке меншік (кішкене азырақ) мал басы біркелкі шөлді территорияларда орналастырылды. Бұл мал басы жер үсті фитомассасының ашық түрдегі өсімдіктің жабынды жағдайынан деградацияның әр түрлі деңгейлеріне дейін қамтыды. 1993-1994 жылдары мал басының саны күрт азайды, таратылды, сойылды. Жайылымдарға күштің түсуі толық жоқ болып кету деңгейіне

дейін жетті. Қалған азын аулақ мал басы көбінесе халықтың қоныстанған орталықтарында шоғырланды, олар осы жерлерде жайылып, дәл осы ауыл-аймақтардың төңірегіндегі жайылымдардың деградациясын жалғастырды. Күндізгі жайылым аймақтарының төңірегі (радиусы 5 км) аймағындағы деградацияға ұшыраған жерлер қалпына келе бастады.

Қазіргі таңда деградацияға ұшыраған жер қанша екен? Барлығы Қазақстанда 7660 ауыл халқы қоныстанатын пункттер бар. Оның ішінде 4066-сы шөлдік аймаққа ие облыстарда орналасқан. Бұл 466 халық қоныстанған пункттердің көпшілігі шөлдік аймақтарда орналасуына қарамастан жайылым деградациясына душар емес, өйткені олардың негізгі мамандануы мал шаруашылығымен емес жер шаруашылығымен байланысты. Айналасы 5 км-ді қамтитын халық қоныстанған тұрғылықты жайылым пресінде 7,5 га жер жатыр. Осылайша барлығы $1500 \times 7,5 = 11250$ мың гектар жер эксперттік – экстраполяциялық әдіспен деградация процесіне ұшыраған. Дегенмен, деградацияланған жайылымдардың қазіргі таңдағы нақты санын ешкім айта алмайды. Нақты баға берудің карталау нәтижелері жоқтың қасы.

2003 жылдан бастап Алматы облысының Бозой үстіртінде және Қарой аймағында Ақши ауылында деградацияға ұшыраған өсімдіктерді қалпына келтіруге байланысты бақылау жұмыстары жүргізілген. Ақши ауылы Күрті өзенінің арнасында орналасқан.

2004 жылы ювенилді сирек кездесетін түрлері және Лессинг бөтегесінің түрлері, ал Бозой үстіртінің шатқалында жіңішке бөлікті жусанның түрі кездесе бастады.

2005 жылы бөтеге және ақ жусаны бар микроценоздар пайда болды. Ефемерлер арасында пиязшықты қоңырбас және қияқөлеңнің көптеп өсуіне байланысты бұл аймақтарда адыраспан саны азая бастады.

2006 жылдан бастап бөтеге мен ақ жусанның қатысуымен және басым болуына байланысты микроценоздар саны көбейе бастады.

2007 жылы Бозой үстіртінің барлық шатқалында Лессинг бөтегесі мен ақ жусан басым болды. Пиязшықты қоңырбас және қияқөлең эфемерлі синузияда толық басым болды. Адыраспанның саны өте төмен өмір сүру жағдайына байланысты күрт түсіп кетті [6, 151 б.].

Қазақстан аумағының көпшілік бөлігінің шөлді және жартылай шөлді ландшафты зоналарда орналасуын ескере отырып олардың экожүйелері, әсіресе ауыл және су шаруашылығы табиғат жағдайларының аномалиялық өзгерістеріне өте тәуелді болып келеді [7]. Әлемдік биологиялық алуантүрлілікті сақтаудың басымдылығы «Биологиялық алуантүрлілік туралы Конвенцияда» белгіленген, бұл Конвенция Қазақстанда ратификацияланған. Биологиялық алуантүрлілік Конвенциясымен және тараптар Конференциясының Конвенциясымен Биологиялық алуантүрлілікті сақтауға байланысты арнайы басымдықтар қабылданды. Мұндай басымдықтардың бірі болып ауыл шаруашылығына және агробиоалуандылыққа маңызды болып биологиялық алуантүрлілік компоненттері болып табылады [8, 37 б.].

Климаттың өзгеруіне байланысты ылғалдану зоналары солтүстікке қарай жылжуы мүмкін. Яғни, аймақтағы ылғалданудың нашарлау жағдайларын күтуге болады, жаздық бидайдың өнімділігі 25 %-ға төмендеуі мүмкін, сол сияқты ауа райының күрт көтерілуі табиғи жем өнімдерінің өнімділігінің 30-90 %-ға дейін түсіп кетуіне әкелуі мүмкін. Мысалы, Қостанай, Ақмола, Павлодар облыстарында жаздық бидайдың өнімділігі оның орташа көп жылдық маңызынан 25-60%-ды құрайды, ал солтүстік Қазақстан облысында бұл көрсеткіш 70-90%-ға тең.

Орман экожүйелері тұрақтылығының бұзылуы болжамуда, орман қауымдастықтары өмір сүру жағдайларының өзгеруіне көп жылдар бойы бейімделетіні белгілі.

Қазақстан Республикасының ауқымдылығы (272,5 млн.га), оның Еуразия орталағында орналасуы флора түрлерінің алуандығы (13000-дай), жазығындағы 10 зонаның, өзіндік зоналық климаттық жағдайлары қалыптасқан таулардағы 9 биіктік белдеулері және экожүй-

елер: орман, дала, шалғын, шөл, тау ландшафттарының биоалуантүрлілігінің ерекше үйлесуін қалыптастырады. Сирек кездесетін эндемик және реликті түрлерінің ішінде қорғауды талап ететін 400-ге жуық өсімдік түрі бар, олардың көпшілігі жоғалып кету қаупінде тұр [9, 8 б.]. Қазіргі таңдағы биологиялық алуантүрлілікті сақтау іс-шаралары қамтамасыз етілуде. Мұндай аймақтар Қазақстанда 163,8 млн. гектарды құрайды, оның ішінде орман қорында – 27,8 млн. га және ерекше қорғалатын табиғи аумақтар қоры – 22,6 млн. гектарды құрайды. Аса сирек кездесетін және жоғалып бара жатқан түрлерді, ерекше табиғат эталондарын сақтаудың ең тиімді шарасы болып – Ерекше қорғауға арналған табиғи аумақтардың ұйымдары жүйесі құрайды (ЕҚАА). Барлық ЕҚАА республикалық маңызы бар мәртебеге ие. ЕҚАА-дың жалпы аумағы 1,7 млн. гектарды құрайды, бұл Мемлекеттік орман қорының 40%-ы немесе облыстың барлық аймағының 6 %-ы болып табылады.

Зерттеудің методологиялық негізі. Мақалада ғылыми зерттеудің жалпы және жеке әдістері қолданылған: тарихи, диалектикалық, жүйелі-құрылымдық, салыстырмалы-құқықтық және т.б. Аталған әдістер зерттеліп отырған тақырып төңірегінде, кең пайдаланылған объективтілік, көп жақтылық, тарихилық пен нақтылық қағидасы талаптарымен қатар қолданылған.

Табиғатты қорғаудың ең тиімді әрі дәстүрлі түрі болып Мемлекеттік табиғат қорықтары болып табылады. Табиғи қорықтар – табиғатты қорғауға арналған ерекше мәртебесі бар ғылыми ерекше қорғалатын табиғи аймақ, оның қызметінің басты мақсаты болып сол аймақтағы табиғи процестер мен құбылыстардың барысын, өсімдіктер және жануарлар әлемінің нысандарын, өсімдіктер және жануарлар қауымдастығының жеке түрлерін, кәдімгі және ерекше экологиялық жүйелердің қорғалуын, сақталуын қамтамасыз ететін орын. «Мемлекеттік табиғи-қорық қоры – табиғи эталондар, уникалдар мен реликтер, генетикалық резерв, ғылыми зерттеулер, ағарту, білім беру, туризм және рекреация нысанасы ретінде ерекше экологиялық, ғылыми, тарихи-мәдени және рекреациялық құндылығы бар, мемлекеттік қорғауға алынған қоршаған ортаны қорғау объектілерінің жиынтығы» болып табылады [10].

Еліміздің тұрақты даму мақсатына қол жеткізу үшін жердің деградациясы және шөлдену мәселелерін шешу маңызды рөлге ие. Ол үшін тұзданған және ластанған аймақтарды қалпына келтіруге байланысты жүйелі іс-шараларды жүзеге асыру қажет.

Шөлденуге және тұздануға ұшыраған, жедел түрде рекультивацияны қажет ететін, ерекше назар аударуға негізделген аймаққа Арал маңы аймағы жатады. Озық технологияларды жеделдетіп енгізу және өсімдік қорларын кешенді пайдалану мақсатында тұздану салдарынан топырақтың деградацияға ұшырау мониторингін жүргізу қажет. Қазақстанның үлкен аймақтарындағы ғаламдық жылынуға байланысты аридтену процестері күрт күшейе түсті. Республиканың есепті орманшылдығын ескере отырып орман жайылымдарының сексеуіл, бұталар өсімдіктерінің шамасы 4,6 %-ды, ормандағы нақты орман алқаптары ескі ағаштарды қосқанда 2,3 %-ды құрайды [11, 33 б.].

Қазақстанның ормандары көп жылдар бойы қарқынды деградацияға ұшыраған. Солтүстік-батыс Қазақстанда бұл жағдай өзен жағасындағы ормандарды, шөлді зонада – сексеуілдерді, таулы аймақтарда – қылқан жапырақтыларды шарпып өтті. Солтүстік Тянь-Шанның және Жоңғар Алатауының таулы ормандарында орман алқаптарының түрлерінде және шекараларында өзгерістер байқалды. Қазақстанның орманды алқаптары сексеуілдер мен бұталарды қосқанда 4,5%-ды, оның ішінде нақты ормандар 1,2%-ды құрайды, бірақ мұндай аз көлеміне қарамастан ормандар табиғи компоненттердің топырақ қорғаушысы, климат реттеуші, су қорғаушы, су реттеуші және рекреациялық қызметтер атқарады. Климаттың өзгеруі жағдайларында жағымды ортаны қалыптастырудағы тұрақты орман басқаруының маңызы артады. Орман жайылымдарының деградацияға ұшырауына олардың толыққандылығының төмендеуін көрсетіп отыр, соңғы онжылдықтарда олардың саны

0,52 ден 0,47-ге дейін түсті, яғни 10 %-ға. Орманды алқаптардың төмендеуі және қысқаруы және жасанды орманды алқаптар көлемінің азаюы шөл даланың көпшілік бөлігіндегі жайылымдардың деградация және дефляцияға ұшырауына алап келеді. Мұндай шөлді алқаптарға Қызылқұм, Мойынқұм, Сарыесік, Атырау массивтері жатады.

Ағаштардың деградациясы Рудный және оңтүстік Алтай ормандарында айтарлықтай байқалады, мұнда соңғы 40 жыл ішінде қылқан жапырақты ормандардың өнімділігі 7 %-ға, ал самырсын ағашының ауданы 13 %-ға азайған. Алма ағашы ормандарының ауданы Жоңғар және Іле Алатауында 24 %-ға қысқарған. Орман кодексіне сәйкес, «орман – ағаш пен бұта өсімдіктерінің және тірі табиғаттың басқа да компоненттерінің жиынтығы негізінде белгілі бір аумақта қалыптасатын, қоршаған ортамен өзара байланыстағы және маңызды экологиялық, экономикалық және әлеуметтік мәні бар табиғи кешен» болып табылады [12].

Шөлді өзен алқаптарындағы ормандар өте қатты деградацияға ұшыраған. Топырақтың ылғалдылығының азайып, өзен суағарларының дұрыс жүрмеуі нәтижесінде бұл ормандарда түрлердің қажетсіз ауысу процесі жүреді.

Қоршаған ортаны қорғау және табиғатты пайдалану саласындағы басты міндет Республикамыздағы экологиялық жағдайды қалыпқа келтіру және тұрақтандыруға негізделеді. Осыған байланысты орман шаруашылығын жүргізу және халық қоныстанатын пункттерді көгалдандыруға байланысты арнайы бағдарлама тағайындалған. Бұл бағдарламада орман алқаптарын ұлғайту, халық қоныстанатын пункттерді көгалдандыру жұмыстарының негізгі мақсаттары міндеттері анықталынып, нәтижесінде берілген процестерге жастардың қызығушылығы артып орман территорияларының саны ұлғаяды.

Нәтижелігі. Мемлекетімізде «Жасыл ел» бағдарламасының негізінде көп жұмыстар жасалғаны мәлім. «Жасыл ел» бағдарламасының негізі Елбасымыз Н.Ә. Назарбаевтың «Қазақстан экономикалық, әлеуметтік және саяси жедел жаңару жолында» Жолдауы бойынша қаланған болатын.

Нәтижесінде 2005 жылы Астана қаласында «Жасыл ел» жастар еңбек жасағының республикалық штабы құрылып, еліміздің барлық облыстарында филиалдары ашылған еді. Бүгінде, Республика жастары осы бағдарламаның іске асуына барынша атсалысуда. Сол жалынды жастардың көмегімен бұл ірі бағдарлама осы күнге дейін жақсы нәтиже көрсетуде.

Жалпы, бағдарламаның негізгі мақсаты - жастардың күшімен елімізді көгалдандыру, елді-мекен айналасын жасыл ағаштармен көмкеру, көркейту, сонымен қатар жастардың Отанға, жерге, табиғатқа деген махаббатын, патриоттық сезімін ояту. Ең бастысы – жылына қаншама жастарды осы істерге тарта отырып, олардың арасындағы жұмыссыздықты төмендету.

«Жасыл ел» бағдарламасы жақсы бастама ретінде бүгінгі күнге дейін өз мақсатынан тайған емес. Экологиялық ахуалды жақсарту үшін, қоршаған ортаны қорғау мақсатын көздеген бағдарлама өз жалғасын тауып кетері айдан анық. Бағдарламаның қалыптасу кезінен бастап, елімізде бірқатар шаралар, пайдалы акциялар өткізілді.

Экологиялық ахуалды жақсарту мәселесімен көптеген ғылым салалары, мамандар айналысады. Бұл күрмеуі қалың мәселе бүкіл дүние жүзінің алдында тұрған өзекті мәселе. Заң саласындағы экологиялық құқық — бұл қазіргі және келешектегі кезеңдерде адам баласының қажетті мүдделері үшін қоғам мен табиғат аясындағы үйлесімді байланыстарға жету мақсатында экологиялық қоғамдық қатынастарды реттейтін құқықтық нормалардың жүйесі болып табылады. «Экологиялық құқық, экологиялық құқықты және заңды мүдделерді немесе экологиялық міндеттерді жүзеге асыру барысында туындайтын қоғамдық экологиялық қатынастарды реттейтін құқықтық нормалардың жиынтығы» [13, 26 б]. Бұл құқық саласы салыстырмалы түрде алғанда жаңа болып табылады. Қоғам мен табиғаттың өзара байланысы негізі 2 нысандағы қоғамдық қатынастар негізінде көрініс табады. Бірін-

шісі, табиғат ресурстарын пайдалану, екіншісі табиғатты қорғауда көрініс табады. Табиғат ресурстарын пайдалану деп, материалдық қажеттіліктерді қанағаттандыруға бағытталған қоғамның экономикалық мүддесін айтамыз. Ал табиғатты қорғау дегеніміз, қазіргі кезең және болашақ ұрпақтар үшін қоршаған табиғи ортаның сапасымен байланысты қоғамның экологиялық даму мүддесі болып табылады. Бірақ, тірі организмдердің жалпы қоршаған ортамен емес, табиғи ортамен байланысты екендігін де көрсету маңызды. Бұл орайда тірі организмге адам және қоғамды да жатқызуға болады. Сондықтан, экологияны дәлме дәл түсіну үшін, тек табиғи ортамен тікелей өзара қарым-қатынас болған жағдайда ғана анықтауға болады. Міне тек осы жерде ғана табиғатты дамыту және гүлдендіру туралы, экологиялық заңдарды сақтауға аса назар аудару керек.

«Таза болса табиғат – аман болар адамзат» деп халық даналығы бекерге айтылмаған. Адам — табиғаттың эволюциялық даму нәтижесінің өнімі. Адам табиғатқа қатынасына байланысты оның әсерін байқайтын, өмірдің жаратылысынан тәуелді болатын, оны қоршаған ортаның объектісі ретінде және табиғи ресурстарды пайдаланатын, өзінің шаруашылық қажеттіліктерін шешу үшін табиғатты бейімдеуші субъект ретінде танылады.

Қоршаған ортаны қорғау аясында туындайтын қоғамдық қатынастар Қазақстан Республикасының әр түрлі нормативтік-құқықтық актілерімен реттеледі. Олардың ауқымы кең, атап айтқанда, жер, жер қойнауы, су, орман, атмосфералық ауа, жануарлар мен өсімдіктер дүниесін қорғау және т.б.

Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексіне сәйкес, «қоршаған орта - атмосфералық ауаны, Жердің озон қабатын, жер бетіндегі және жер астындағы суларды, жерді, жер қойнауын, өсімдіктер мен жануарлар дүниесін, сондай-ақ олардың өзара іс-әрекетінен туындайтын климатты қоса алғанда, табиғи және жасанды объектілердің жиынтығы» болып табылады [14]. Сонымен қатар, «қоршаған ортаны қорғау - қоршаған ортаны сақтау мен қалпына келтіруге, шаруашылық және өзге де қызметтің қоршаған ортаға теріс әсерін болғызбауға және оның зардаптарын жоюға бағытталған мемлекеттік және қоғамдық шаралар жүйесі» [14].

Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексінің 7-бабында: Қоршаған ортаны қорғау объектілері белгіленген оларға, «жер, жер қойнауы, жер үсті және жер асты сулары; атмосфералық ауа; ормандар мен өзге де өсімдіктер; жануарлар дүниесі, тірі организмдердің гендік қоры; табиғи экологиялық жүйелер, климат және Жердің озон қабаты жойылудан, тозудан, зақымданудан, ластанудан және өзге де зиянды әсерден қорғалуға тиіс.

Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар және мемлекеттік табиғи-қорық қорының объектілері айрықша қорғалуға тиіс» деген норма бар.

Жалпы аталмыш салалардағы «заңдардың міндеттеріне:

- адамның өмір сүруі үшін қолайлы ортаны қамтамасыз ету, табиғи реусурстарды ұтымды пайдалану, ұзақ мерзімге сақтау, қоршаған ортаны сауықтыру мен жақсарту, оған шаруашылық және өзге де қызметтің зиянды ықпал жасауына жол бермеу осы саладағы қоғамдық қатынастарды реттеу;

- экологиялық қатынастар саласында мемлекеттің, азаматтардың, мекемелер мен ұйымдардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау;

- қоршаған ортаны қорғау заңдарын бұзғаны үшін құқықтық жауаптылық шараларын белгілеу;

- әр алуан экологиялық жүйелер мен ландшафтарды, бірегей табиғи объектілерді және соларға байланысты мәдени мұраны сақтау;

- экологиялық заңдылық пен құқықтық тәртіпті нығайту кіреді» [15, 35 б].

Экологиялық құқық бұзушылық, қазіргі таңдағы өзекті мәселелердің бірі болып табылады. Өйткені экологиялық құқық бұзушылықтан туындайтын зиянды салдар кең етек жайып бара жатқаны айдан анық. Ол адамзат қоғамын бей-жай қалдырмауы керек.

Бұл мәселе бүкіл дүниежүзі үшін ауқымды да, салмақты болуы қажет. Қоршаған ортаның нашарлауы көбінесе бұрынғы жоспарлы экономиканың тиімсіздігімен байланысты болып отыр. Қоршаған орта туралы заңдардың тиісті дәрежеде дұрыс жүзеге асырылмауы, олардың орындалуының толық бақыланбауы, ескі технологиялардың қолданылуы, және өзге де көптеген жағдайлар судың, ауаның және топырақтың әрі қарай ластануына, өсімдіктер мен жануарлардың кейбір түрлерінің жойылуына себеп болды. Сонымен қатар сол кездегі ірі мемлекеттердің ядролық зерттеулері мен ғарыш кеңістігін игеруге байланысты тәжірибелері онсыз да қолайсыз экологиялық жағдайды және табиғи ресурстарды аяусыздықпен пайдалануды бұрынғыдан да үдете түсті. Мұндай жағдайдың мемлекеттің экологиялық жүйесіне әсер етпеуі мүмкін емес еді.

Ел Президентінің Қазақстан халқына Жолдауларының бірінде, төртінші ұзақ мерзімді басымдық ретінде, Қазақстан Республикасының азаматтарының денсаулығы, білімі мен әлауқаты деп атап көрсетілген. Бұл басымдықтың ішінде ауруды болдырмау және салауатты өмір салтын ынталандыру, нашақорлық пен наркобизнеске қарсы күрес, темекі мен алкогольді тұтынуды қысқарту, әйел мен баланың денсаулығын жақсарту, тамақтануды, қоршаған орта мен экологияның тазалығын арттыру мәселелері алға қойылған [16, 13 б.].

Осыған сәйкес ғалымдар мен бүкіл қоғамның табиғи ресурстарын пайдаланудың адам үшін маңыздылығы мен табиғи ортаны қорғаудың қажеттілігі арасындағы қарама-қайшылықтарға байланысты дабыл қағуы өте орынды болып табылады. Маңызды табиғи ресурстарды өте көп мөлшерде шаруашылық мақсатқа пайдаланудың қоршаған ортаға тигізетін теріс зардаптары мен залалдарын жеңілдету, оларды барынша азайту және табиғи байлықтарды молайту жөніндегі шараларды жасау міндеті туындайды. Табиғатты тиімді түрде үнемді пайдалану және оны қорғау, оның ресурстарын пайдалану кезіндегі тепе-теңдікті белсенді түрде сақтау, қоршаған табиғи ортаны жақсарту, ал бұл талаптар бұзылған жағдайда оны қалпына келтіру жөніндегі шараларды жүзеге асыру қажеттілігінде сөз жоқ.

Экологиялық ахуалдың нашарлауы адамдардың өмірі мен денсаулығына, тіпті адамзаттың да тағдырына ықпал ететінін дәлелдей түседі. Бұл тұрғыдан алғанда барлық экологиялық құқық бұзушылықтарды, жалпы экологиялық жағдайды зерттеуді қажет етеді.

«Экологиялық құқық бұзушылық үшін жауапкершілік қоршаған ортаны қорғау және табиғи ресурстарды пайдалану заңнамасының талаптарын орындауды қамтамасыз ететін негізгі құрал ретінде қызмет етеді.

Осы құраладың тиімділігі көп жағдайларды экологиялық заңнаманы бұзушыларға заң алдындағы жауаптылық шараларын қолдануға уәкілетті мемлекеттік органдарға байланысты.

Экологиялық құқық бұзушылық үшін заң алдындағы жауаптылық экологиялық құқық бұзушылық жасағаны үшін жарамсыз зардаптарды көтеру міндетін бұзушыға жүктеуді көздейді» [17, 95 б.].

Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексінің 319-бабына сай, экологиялық құқық бұзушылықтың түрлеріне: «1) Қазақстан Республикасының экологиялық заңнамасын мүлтіксіз жауапкершілікке әкеп соғатын бұзушылық;

2) қоршаған ортаны қорғау, табиғи ресурстарды пайдалану саласындағы әкімшілік құқық бұзушылықтар;

3) экологиялық қылмыстық құқық бұзушылықтар жатады» [14].

Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексінде, «экологиялық құқық бұзушылық» анықтамасы көрсетілмеген. Біздің пікірімізше, аталған кодекстің 1-бабына толықтыруар мен өзгертулер негізінде «экологиялық құқық бұзушылықтар - қоршаған табиғи ортаға, оның ресурстарына, халықтың экологиялық қауіпсіздігіне қол сұғып зиян келтіретін немесе зиян келтіру қауіпін тудыратын жеке тұлғалар мен заңды тұлғалардың қоғамға қауіпті, заңға қайшы әрекет немесе әрекетсіздік» деген анықтаманы норма ретінде енгізу қажет.

Заң әдебиеттерінде, экологиялық құқық бұзушылық үшін заң алдындағы жауаптылықтың келесі түрлері көрсетілген:

- тәртіптік жауапкершілік;
- экологиялық құқық бұзушылық үшін әкімшілік жауапкершілік;
- азаматтық-құқықтық жауапкершілік;
- экологиялық құқық бұзушылық үшін қылмыстық жауапкершілік [17, 98-107 бб.].

5 шілде 2014 жылы қабылданған Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Қазақстан Республикасының кодексінің 21-тарауы қоршаған ортаны қорғау, табиғи ресурстарды пайдалану саласындағы әкімшілік құқық бұзушылықтар деп аталады. Бұл тарау 324-баптан 399-баптың аралығын қамтиды [18], яғни 75 әкімшілік құқық бұзушылықтар құрамы белгіленген. Әкімшілік жауапкершілікке әкеп соғатын экологиялық құқық бұзушылық құрамдары әкімшілік заңнаманың өзге де тарауларында бар. Мысалы, 13-тарау Меншікке қол сұғатын әкімшілік құқық бұзушылықтар; 18-тарау Өнеркәсіп, жылу, электр және атом энергиясын пайдалану саласындағы әкімшілік құқық бұзушылықтар; 19-тарау Ғарыш қызметі саласындағы әкімшілік құқық бұзушылықтар; 22-тарау Өсімдіктерді қорғау мен өсімдіктер карантині, астық нарығы мен астықты сақтау, мақта саласы, тұқым шаруашылығы және мемлекеттік ветеринарлық-санитариялық бақылау мен қадағалау, асыл тұқымды мал шаруашылығы, органикалық өнім өндірі, сондай-ақ азық-түлік тауарларының өңірлік тұрақтандыру қорларын қалыптастыру және пайдалану саласындағы әкімшілік құқық бұзушылықтар; 24-тарау Қоғамдық қауіпсіздікке және халықтың денсаулығына қол сұғатын әкімшілік құқық бұзушылықтар және т.б.

Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Қазақстан Республикасының кодексінде экологиялық құқық бұзушылық үшін кең тараған әкімшілік жазаның түрі айыппұл салу болып табылады.

Экологиялық құқық бұзушылық үшін заң алдындағы жауаптылықтың ең қатаң түрі - қылмыстық жауапкершілік.

3 шілде 2014 жылы қабылданып, 1 қаңтар 2015 жылы заңдық күшіне енген Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің (ҚРҚК) 13 тарауы «Экологиялық қылмыстық құқық бұзушылықтар» деп аталады. Бұл тарауда 20 қылмыстық құқық бұзушылық құрамы (324-343 баптар) бар. Атап айтқанда, 324-бап. Шаруашылық немесе өзге де қызметке қойылатын экологиялық талаптарды бұзу; 325-бап. Экологиялық тұрғыдан әлеуетті қауіпті химиялық немесе биологиялық заттармен жұмыс істеу кезінде экологиялық талаптарды бұзу; 326-бап. Микробиологиялық немесе басқа да биологиялық агенттермен немесе уытты заттармен жұмыс істеу кезінде экологиялық талаптарды бұзу; 327-бап. Ветеринариялық қағидаларды немесе өсімдіктердің аурулары мен зиянкестеріне қарсы күресу үшін белгіленген қағидаларды бұзу; 328-бап. Суларды ластау, қоқыстау немесе сарку; 329-бап. Атмосфераны ластау; 330-бап. Теңіз ортасын ластау; 331-бап. Қазақстан Республикасының континенттік қайраңы және Қазақстан Республикасының айрықша экономикалық аймағы туралы заңнаманы бұзу; 332-бап. Жерді бүлдіру; 333-бап. Жер қойнауын қорғау және пайдалану қағидаларын бұзу; 334-бап. Жер қойнауын өз бетінше пайдалану; 335-бап. Балық ресурстарын, басқа да су жануарларын немесе өсімдіктерін заңсыз алу; 336-бап. Балық қорларын қорғау қағидаларын бұзу; 337-бап. Заңсыз аңшылық; 338-бап. Жануарлар дүниесін қорғау қағидаларын бұзу; 339-бап. Өсімдіктердің немесе жануарлардың сирек кездесетін және құрып кету қаупі төнген, сондай-ақ пайдалануға тыйым салынған түрлерімен, олардың бөліктерімен немесе дериваттарымен заңсыз айналысу; 340-бап. Ағаштар мен бұталарды заңсыз кесу, жою немесе зақымдау; 341-бап. Ормандарды жою немесе зақымдау; 342-бап. Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар режимін бұзу; 343-бап. Экологиялық ластау зардаптарын жою жөнінде шаралар қолданбау [19].

Қазіргі әрекет етуші Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексіндегі 334-бап. Жер қойнауын өз бетінше пайдалану және 336-бап. Балық қорларын қорғау қағидаларын бұзу жаңа қылмыстық құқық бұзушылық құрамдары болып табылады.

Экологиялық қылмыстық құқық бұзушылықтар мәселесін заңнамада бекітудің алғашқы құқықтық қадамы 1997 жылы қабылданған Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінде (қазір заңдың күші жоқ) қарастырылды. Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің Ерекше бөлімінің 11-тарауы «Экологиялық қылмыстар» деп аталды. Бұл тарауда 18 қылмыс құрамы (277-294 баптар) болды [20]. Бұрынғы ҚазССР-ң Қылмыстық кодексінде мұндай арнаулы тарау болмаған, экологияға байланысты жекелеген баптар «Шаруашылық қылмыстар» деген тараудан орын алған болатын.

Пікірлік талқылаулар. Профессор А.Н.Ағыбаевтың айтуынша: Экологиялық қылмыстық құқық бұзушылықтар дегеніміз, қоршаған ортаға, оның ресурстарына, халықтың экологиялық қауіпсіздігіне қол сұғатын қоғамға қауіпті, қылмыстық құқық бұзушылық заңға қайшы іс-әрекеттер болып табылады [21, 277-278 б.]. Аталған қылмыстық қол сұғушылық, үлкен зиян келтіретіні сөзсіз. «Айналадағы табиғи ортаны қорғау - ең алдымен адамның өмірі мен денсаулығын, болашақ ұрпақтың мүдделерін қамтамасыз етуге, табиға ортаға қарсы зиянды іс-әрекеттер жасауға жол бермеуге, табиғи тепе-теңдікті сақтау және қоршаған ортаны тиімді пайдалану мақсатын көздейді» [22, 556 б.].

Зерттеліп отырған қылмыстық құқық бұзушылықтардың қауіптілігі: біріншіден, олардың тәжірибеде соңғы уақыттары кеңінен тарап келе жатқандығынан; екіншіден, бұл қылмыстық құқық бұзушылықтардың сандық сипатымен қатар, сапалық көрсеткіштерінің де артуынан көрініп, елдің ұлттық қауіпсіздігіне қатер төндіруге дейін жеткізіп отыр. Бұл орайда Ф.С.Жақсыбековамен келісуге болады: Экологиялық қылмыстардың демографиялық, әлеуметтік сипаттағы зардаптарын мынадан да көруге болады:

- қоғам мүшелерінің өмір сүру ұзақтығын төмендетуге, аурушандығын өршітуге, өлім-жітімнің көбеюіне, халықтың генофондының әлсіреуіне алып келетін өмір сүру ортасының сапасын тым төмендетуіне;

- экологиялық қолайсыз аумақтардың пайда болуына, қайта жанданып келе жатқан табиғи ресурстардың азғындауына;

- қайта жандануға жатпайтын табиғи ресурстардың (минералдық шикізат, көмірсутекті энерготасығыштар т.б.) сарқылуына;

- жер сапасының төмендеуіне әкеп соғады (осының бәрі адамның биологиялық түр ретіндегі құрып кету қауіпін тудыруға әкеп соғуы мүмкін).

Экологиялық апаттың алдын алуға байланысты мәселелерді шешу үшін көнерген әдістерді пайдалану экологиялық қылмыстылық болып табылатын келеңсіз салдарға және қайтарымсыз процестерге әкеліп соғуы мүмкін [23, 5-6 б б.].

Шартты түрде экологиялық қылмыстық құқық бұзушылықтардың барлық құрамын бірнеше топтарға бөлуге болды.

1. Қоршаған ортаны қорғауға қарсы жалпы экологиялық қылмыстық құқық бұзушылықтар (ҚРҚК 324-326, 331, 342, 343 баптар).

2. Жер мен жер қойнауын ұтымды пайдалану мен сақтау саласына қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар (ҚРҚК 332-334 баптар).

3. Суды қатынастарын қорғау аясына қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар (ҚРҚК 328, 330 баптар).

4. Өсімдіктер мен жануарлар дүниесін қорғау саласына қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар (ҚРҚК 327, 335-341 баптар).

5. Атмосфералық ауа саласындағы қоғамдық қатынастарға қол сұғатын қылмыстық құқық бұзушылықтар (ҚРҚК 329 бап).

Қоршаған ортаны қорғаумен байланысты қоғамға қауіпті іс-әрекеттер құрамы Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің «Бейбітшілікке және адамзат қауіпсіздігіне қарсы қылмыстар» деп аталатын 4-тарауында да көрсетілген. Мысалы, 169-бап. Экоцид. «Меншікке қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар» деп аталатын 6-тараудағы, 201-бапта жерге заттай құқықтарды бұзу құрамы белгіленген. 10-тараудағы «Қоғамдық қауіпсіздікке және қоғамдық тәртіпке қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар» 276-бап. Атом энергиясын пайдалану объектілерінде қауіпсіздік қағидаларын бұзу; 277-бап. Тау-кен немесе құрылыс жұмыстарын жүргізу кезінде қауіпсіздік қағидаларын бұзу; 278-бап. Сапасыз салынған құрылыс; 279-бап. Сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі саласындағы қағидаларды немесе нормативтердің талаптарын бұзу; 280-бап. Сараптамалық жұмыстарды немесе инжинирингтік қызметтер көрсетуді тиісінше орындамау; 281-бап. Жарылыс қауіпі бар объектілерде қауіпсіздік қағидаларын бұзу; 282-бап. Ғарыш қызметін жүзеге асыру кезінде қауіпсіздік қағидаларын бұзу; 283-бап. Радиоактивті заттармен, радиоактивті қалдықтармен, ядролық материалдармен заңсыз жұмыс істеу; 284-бап. Радиоактивті заттарды, радиоактивті қалдықтарды немесе ядролық материалдарды жымқыру не қорқытып алу; 285-бап. Радиоактивті заттармен, радиоактивті қалдықтармен, ядролық материалдармен жұмыс істеу қағидаларын бұзғаны үшін қылмыстық жауаптылық көзделген.

Қорытынды. Экологиялық қылмыстық құқық бұзушылықтар үшін жауаптылықты көздейтін барлық баптардың нормалары бланкеттік диспозиция негізінде құрылған. Сондықтан да сот-тергеу тәжірибесінде, экологиялық қылмыстық құқық бұзушылық құрамдарын құрайтын баптарды саралағанда экологиялық қауіпсіздік талаптарын реттейтін заңдар мен көптеген заңдық актілерге сілтеме жасау маңызды болып табылады.

Жалпы экологиялық қылмыстық құқық бұзушылықтардың топтық объектісі, қоршаған ортаны қорғау, табиғат ресурстарын тиімді пайдалану, тірі организмдерге қолайлы табиғи жағдайларды сақтау және адамдардың экологиялық қауіпсіздігін қамтамсыз ететін қоғамдық қатынастар болып табылады.

Аталған қылмыстық құқық бұзушылықтардың тікелей объектісі, экологиялық қылмыстық құқық бұзушылықтарды реттейтін нақты қоғамдық қатынастар. Экологиялық қылмыстық құқық бұзушылықтардың заты, нақты табиғи ресурстары атап айтқанда, жер, су, ауа, жануарлар мен өсімдіктер дүниесі, орман-тоғай т.б. болып табылады.

Экологиялық қылмыстық құқық бұзушылықтардың объективтік жағы белсенді әрекет немесе әрекетсіздік арқылы сипатталады. Көп жағдайда енжар әрекетсіздік орын алады. Қылмыстық құқық бұзушылықтардың аяқталуына байланысты формальды және материалды құрамдар да орын алған.

Субъективтік жағынан экологиялық қылмыстық құқық бұзушылықтардың қасақана немесе абайсызда жасалуы мүмкін.

Экологиялық қылмыстық құқық бұзушылықтардың субъектісі, жалпы субъект, яғни 16 жасқа толған, есі дұрыс жеке тұлға немесе кейбір құрамдарда арнаулы субъект болып табылады.

«Соттардың кейбір экологиялық қылмыстық құқық бұзушылықтар үшін жауаптылық жөніндегі заңнаманы қолдану туралы» Қазақстан Республикасы Жоғары Сотының 2004 жылғы 18 маусымдағы №1 Нормативтік қаулысына сәйкес, «экологиялық қылмыстық құқық бұзушылықтар жөніндегі істерді қарау кезінде заңның дұрыс қолданылуын қамтамасыз ету үшін соттар әрбір нақты жағдайда шаруашылық және экологиялық қауіпті заттарды өндіру, сақтау мен пайдаланудағы өзге де қызметті жүзеге асыру, басқа да қызметтерді жасау кезінде (су, аңшылық кәсіпшілігі, ағаштар мен бұталарды кесу және тағы басқа) қандай экологиялық талаптардың және (немесе) ережелердің сақталуын, сондай-ақ экологиялық қылмыстық құқық бұзушылықтарды жасағаны үшін жауаптылық белгілейтін қыл-

мыстық заң нормаларының бланкеттік болып табылатынын ескере отырып, осы талаптар мен қағидалардың қандай нормативтік құқықтық актілермен белгіленгенін анықтаулары қажет» [24].

Сот-тергеу тәжірибесіне сүйенсек, мәселен Ақтөбе облысында 2014 жылдан бастап, 8 айдың ішінде 10 экологиялық қылмыс ашылды. «Ақтөбе облысы ішкі істер департаменті әкімшілік полиция бөлімі табиғатты қорғау қызметкерлерімен «Самара-Шымкент» тас жолында Шымкен қаласы тұрғынының басқаруындағы Daewoo nexia маркалы көлікті тоқтатқан. Оның көлігін қарау барысында артқы орындықтан қара түсті құс салынған қатырма қорап табылды. Оны экологтар тексергеннен кейін бұл құстың еліміздің Қызыл кітабына енген дала бүркіті екені анықталды. Аталған дерек бойынша полицейлер қылмыстық іс қозғады, тергеу амалдары жалғасуда.

Жалпы, осы кезеңде облыс аумағында табиғатты қорғау заңнамасы бойынша барлығы 2570 құқық бұзушылық анықталды. 601 дерек бойынша жалпы соммасы 3 млн. 107 мың 656 теңге болатын әкімшілік айыппұл салу туралы қаулы шығарылды» [25].

«Заң бұзушы келтірген экологиялық зиян әдейі жасалған әрекеттің (әрекетсіздіктің) немесе абайсызда жасаудың нәтижесінде келтірілгендігіне қарамастан Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің нормаларына, ЭК-нің 321, 322-баптарына, Жануарлар дүниесін қорғау туралы заңға, «Қазақстан Республикасының жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы заңнамасын бұзумен келтірілген зиянның орнын толтыру мөлшерін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің 2015 жылғы 27 ақпандағы № 18-03/158 бұйрығына, «Қазақстан Республикасының орман заңнамасын бұзудан келтірілген залалдың мөлшерін есептеуге арналған базалық ставкаларды бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 31 мамырдағы № 441 қаулысына сәйкес зиян келтірілген сәттегі қолданыстағы нормативтік құқықтық актілерде көрсетілген шығынның мөлшерін есептеу таксасы мен әдістері негізінде, ал олар болмаған жағдайда - келтірілген залалдарды ескере отырып, қоршаған ортаның бұзылған жағдайын қалпына келтіруге жұмсалған нақты шығындар бойынша есептеледі және кінәлі адамның оның орнын толық көлемде өтеуіне жатады» [24].

Зерттеу ұсынысы. Қазақстан Республикасының экологиялық кодексіне «экологиялық құқық бұзушылықтар», Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің 3-бабына, «экологиялық қылмыстық құқық бұзушылықтар» анықтамасын толықтыруар мен өзгертулер негізінде енгізу қажет деп пайымдаймыз. «Экологиялық қылмыстық құқық бұзушылықтар деп қоршаған табиғи ортаға, оның ресурстарына, халықтың экологиялық қауіпсіздігіне қол сұғып зиян келтіретін немесе зиян келтіру қауіпін тудыратын қоғамға қауіпті, қылмыстық заңға қайшы әрекет немесе әрекетсіздік» болып табылады.

Экологиялық қылмыстық құқық бұзушылық құрамының белгілері мен элементтерін дұрыс саралау өте маңызды болып табылады. Біріншіден, ол экологиялық қылмыстық құқық бұзушылықтарды, өзге экологиялық құқық бұзушылықтардан ажыратуға мүмкіндік береді. Екіншіден, ұқсас экологиялық қылмыстық құқық бұзушылықтарды бір бірінен ажыратып, қылмыстық жауаптылықты дұрыс тағайындауға негіз болады.

Әдебиеттер тізімі

1 «Қазақстандықтардың әл-ауқатының өсуі: табыс пен тұрмыс сапасын арттыру» Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың 5 қазан 2018 жылғы Қазақстан халқына Жолдауы [Электронды ресурс]. - URL: <http://www.akorda.kz/kz/addresses/> (Қарастырған күні: 08.11.2018).

- 2 Қазақстан Республикасының Конституциясы. [Электронды ресурс] - URL: <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/> (Қарастырған күні: 08.11.2018).
- 3 «Қазақстан - 2050»: Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты. Қазақстан Республикасының Президенті – Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. [Электронды ресурс] - URL: <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/> (Қарастырған күні: 08.11.2018).
- 4 «Қазақстан Республикасының «жасыл экономикаға» көшу жөніндегі тұжырымдама туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2013 жылғы 30 мамырдағы №577 Жарлығына түсіндірме. [Электронды ресурс] - URL: <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/> (Қарастырған күні: 08.11.2018).
- 5 Арутюнов В.С. Глобальное потепление: катастрофа или благо? / В.С. Арутюнов // Журнал Российского химического общества им. Д.И. Менделеева. - 2005. - Т. 2. № 4. - С. 6-12.
- 6 Мирзадинов Р.А., Торгаев А.А., Усен К., Байжиенова Р. и др. Восстановление деградированной растительности и механизм выпадения сорных растений // Растительный мир и его охрана. - 2007. - №5. - С. 151-164.
- 7 Ibragimova S. A. et al. Microfertilizer preparation for stimulation of tolerance of plants to the stress factors. [Электронды ресурс] - URL: <http://bulletin-ecology.kaznu.kz/index.php/> (Қарастырған күні: 08.11.2018).
- 8 Джангалиев А.Д., Салова Т.Н., Муканова Г.С. Дикие плодовые леса Казахстана их значение, охрана, использование // Сборник научных статей КазНУ. - 2016. - №7. - С. 36-38.
- 9 Сохранение биоразнообразия Центральной Азии. Казахстан / Под ред. Т.М. Брагиной, О.Б. Переладовой - Алматы: Баспа, 1997. –115 с.
- 10 Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар туралы Қазақстан Республикасының 2006 жылғы 7 шілдедегі №175 Заңы. [Электронды ресурс] - URL: <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/> (Қарастырған күні: 08.11.2018).
- 11 Елубаев Ж.С. Жер қойнауын пайдалануды құқықтық реттеу проблемалары: отандық тәжірибе және шетелдік жүзе: монография. - Алматы: Жеті жарғы, 2011 - 436 с.
- 12 Қазақстан Республикасының Орман кодексі Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 8 шілдедегі №477 Кодексі. [Электрон. ресурс] - URL: <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/> (Қарастырған күні: 08.11.2018).
- 13 Бекишева С.Д. Экологическое право Республики Казахстан: учебное пособие. / С.Д. Бекишева - Караганда: Арко, 2009. - 472 с.
- 14 Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексі Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 9 қаңтардағы N 212 Кодексі. [Электронды ресурс] - URL: <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/> (Қарастырған күні: 08.11.2018).
- 15 Қазақстан Республикасының мемлекет және құқық негіздері: оқу құралы / жалпы ред., басқарған А.Н. Ағыбаев. 2-бөлім. - Алматы: Қазақ университеті, 2013. – 246 бет.
- 16 Назарбаев Н.Ә. Қазақстан-2030: Барлық қазақстандықтардың өсіп-өркендеуі, қауіпсіздігі және әл-ауқатының артуы. Ел Президентінің Қазақстан халқына жолдауы. – Алматы, Жеті жарғы, 2004. – 132 б.
- 17 Күлтелеев С.Т., Рахметов Е.Ш. Қазақстан Республикасының экологиялық құқығы: Жалпы және Ерекше бөлімі. Оқулық. - Алматы: Нас, 2008. - 328 б.
- 18 Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекс Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 5 шілдедегі №235-V ҚРЗ. [Электронды ресурс] - URL: <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/> (Қарастырған күні: 08.11.2018).
- 19 Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі. 2014 жылғы 3 шілдедегі № 226-V ҚРЗ. [Электронды ресурс] - URL: <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/> (Қарастырған күні: 08.11.2018).
- 20 Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 16 шілдедегі № 167 Кодексі (күші жойылған). [Электронды ресурс] - URL: <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/> (Қарастырған күні: 08.11.2018).

- 21 Ағыбаев А.Н. Қылмыстық құқық. Ерекше бөлім: оқу құралы. /А.Н.Ағыбаев. - Алматы: Қазақ университеті, 2016. – 450 б.
- 22 Ағыбаев А.Н. Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексіне түсіндірме: Жалпы және Ерекше бөліктер. / А.Н. Ағыбаев - Алматы : Жеті жарғы, 2015. - 768 б.
- 23 Жақсыбекова Ф.С. Өсімдіктер мен жануарлар дүниесіне қол сұғатын экологиялық қылмыстардың криминологиялық проблемалары: заң ғыл. канд. ғылыми дәрежесін алу үшін дайын. дисс. авторефераты. / Ф.С. Жақсыбекова - Астана, 2008. - 21 б.
- 24 «Соттардың кейбір экологиялық қылмыстық құқық бұзушылықтар үшін жауаптылық жөніндегі заңнаманы қолдану туралы» Қазақстан Республикасы Жоғары Сотының 2004 жылғы 18 маусымдағы №1 Нормативтік қаулысы. [Электронды ресурс] - URL: <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/> (Қарастырған күні: 08.11.2018).
- 25 Ақтөбе облысында 8 айда ішінде 10 экологиялық қылмыс ашылды. «Егемен Қазақстан» [Электронды ресурс] - URL: <http://mvd.gov.kz/portal/> (Қарастырған күні: 08.11.2018).

Г.А. Куаналиева¹, Ж.М. Басыгараев², Г.К. Шуланбекова³, Н. Саулен⁴

¹²³Казахский национальный университет им. аль-Фараби, Алмата, Казахстан

⁴Евразийский национальный университет им. Л.Н.Гумилева, Астана, Казахстан

Переход к «зеленой экономике» и некоторые проблемы экологических правонарушений

Аннотация. Экологическая проблема — одна из глобальных проблем современности. Она тесно связана с вопросами ресурсодефицитности, экологической безопасности и экологического кризиса. Одним из путей разрешения экологической проблемы является путь «устойчивого развития», предложенный в качестве основной альтернативы развития человеческой цивилизации. Экологическая проблема — изменение природной среды, ведущее к нарушению структуры и функционирования природы. Может быть как антропогенным, так и результатом стихийных бедствий.

По инициативе Главы государства в нашей стране проводится политика перехода к «зеленой экономике». В начале XXI века Казахстан столкнулся с глобальной проблемой нарушения общих экологических и экономических условий и, следовательно, угрозы социального благосостояния. Поэтому одним из эффективных способов решения этих проблем является переход нашей страны к «зеленой экономике».

Экологическое правонарушение можно определить как противоправное, как правило, виновное деяние (действие или бездействие), совершаемое правоспособным субъектом, причиняющее или несущее реальную угрозу причинения экологического вреда либо нарушающее права и законные интересы субъектов экологического права.

С учетом степени общественной опасности экологические правонарушения подразделяются на проступки и преступления. Первые — менее общественно опасные деяния по сравнению со вторыми и являются дисциплинарными, материальными, административными и гражданскими правонарушениями. В соответствии с видами экологических правонарушений наступает дисциплинарная, материальная, административная, уголовная и гражданско-правовая ответственность.

Ключевые слова: Экология, экологический кризис, экологическая безопасность, «зеленая экономика», экологические правонарушения, экологическая ответственность.

G.A. Kuanaliyeva¹, Z.M. Bassygarayev², G.K. Shulanbekova³, N. Saulen⁴

¹²³ al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan

⁴ L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan

The transition to a «green economy» and some problems of environmental offenses

Abstract. The environmental problem is one of the global problems of our time. It is closely related to resource scarcity issues, environmental safety and environmental crisis. One of the ways to resolve the environmental problem is the path of «sustainable development», proposed as the main alternative to the development of human civilization. The environmental problem is a change in the natural environment, leading to disruption of the structure and functioning of nature. It can be both anthropogenic and natural disasters.

On the initiative of the Head of State, our country is pursuing a policy of transition to a «green economy». At the beginning of the 21st century, Kazakhstan faced the global problem of disrupting general environmental and economic conditions and, consequently, the threat to social welfare. Therefore, one of the effective ways to solve these problems is the transition of our country to a «green economy».

Environmental offense can be defined as a wrongful, as a rule, guilty deed (action or inaction), committed by a competent subject, causing or carrying a real threat of causing environmental harm or violating the rights and legitimate interests of subjects of environmental law.

Taking into account the degree of public danger, environmental offenses are divided into misdemeanors and crimes. The first are less socially dangerous acts compared to the second and are disciplinary, material, administrative and civil offenses. In accordance with the types of environmental offenses, disciplinary, material, administrative, criminal and civil liability comes.

Key words: Ecology, environmental crisis, environmental security, green economy, environmental offenses, environmental liability.

References

- 1 «Kazakhstandyktardyn al-aukatynyn osui: tabys pen turmys sapasyn arttyru» Kazakhstan Respublikasynyn Prezidenti N.A.Nazarbaevtyн 5 kasan 2018 zhylgy Kazakhstan khalkyna Zholdauy [«Kazakhstan citizens growth of welfare: income and improvement of quality of life» On October 5, 2018 President of the Republic of Kazakhstan of N. A.Nazarbayev message to the people of Kazakhstan]. [Electronic resource]. Available at: <http://www.akorda.kz/kz/addresses/> (Accessed: 08.11.2018). [in Kazakh]
- 2 Kazakhstan Respublikasynyn Constituciasy [Constitution of the Republic of Kazakhstan]. [Electronic resource]. Available at: <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/> (Accessed 08.11.2018). [in Kazakh]
- 3 «Kazakstan - 2050»: Strategijasy kalyptaskan memlekettin zhana sajasi bagyty. Kazakstan Respublikasynyn Prezidenti – Elbasy N.Ә.Nazarbaevtyн Kazakstan khalkyna Zholdauy [Strategy «Kazakhstan-2050» New political course of the established state]. [Electronic resource]. Available at: <http://www.akorda.kz/kz/addresses/> (Accessed: 08.11.2018). [in Kazakh]
- 4 «Kazakstan Respublikasynyn «zhasyл ekonomikaga» koshu zhonindegi tuzhyrymdama turaly» Kazakstan Respublikasy Prezidentinin 2013 zhylgy 30 mamyrdayy №577 Zharlygyna tusindirme [«The concept of transition of the Republic of Kazakhstan to the «Green Economy»]. [Electronic resource]. Available at: <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/> (Accessed: 08.11.2018). [in Kazakh]
- 5 Arutjunov V.S. Global'noe poteplenie: katastrofa ili blago? [Global warming: a disaster or a blessing?], Zhurnal Rossiyskogo himicheskogo obshhestva im. D.I. Mendeleeva [Journal of the Russian Chemical Society. DI. Mendeleev], 2 (4), 6-12 (2005). [in Russian].
- 6 Mirzadinov R.A., Torgaev A.A., Usen K., Bajzhienova R. i dr. Vosstanovlenie degradirovannoi rastitel'nosti i mekhanizm vypadeniya sornyh rasteni [Restoration of degraded vegetation and the mechanism of weed loss], Rastitel'nyi mir i ego ohrana [The flora and its protection], (5), 151-164 (2007). [in Russian].

- 7 Ibragimova S. A. et al. Microfertilizer preparation for stimulation of tolerance of plants to the stress factorsю [Electronic resource]. Available at: <http://bulletin-ecology.kaznu.kz/index.php/> [in English]. (Accessed: 29.10 2018).
- 8 Dzhangaliev A.D., Salova T.N., Mukanova G.S. Dikie plodovye lesa Kazakhstana ih znachenie, ohrana, ispol'zovanie [Wild fruit forests of Kazakhstan their value, protection, use] // Sbornik nauchnyh statei KazNU [Collection of scientific articles KazNU], (7), 36-38 (2016). [in Russian].
- 9 Sohranenie bioraznoobraziya Central'noi Azii. Kazakhstan [Biodiversity conservation in Central Asia. Kazakhstan] / Pod red. T.M. Braginoj, O.B. Pereladovo (Almaty, 1997). [in Russian]
- 10 Erekshe korgalatyn tabigi aumaktar turaly Kazakhstan Respublikasynyn 2006 zhylgy 7 shildedegi №175 Zany [Law of the Republic of Kazakhstan of July 7, 2006 № 175 On Specially Protected Natural Areas]. [Electronic resource]. Available at: <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/> (Accessed: 08.11.2018). [in Kazakh]
- 11 Elubaev Zh.S. Zher koinauyn paidalanudy kutyktyk retteu problemalary: otandyk tazhiribe zhane sheteldik zhuie [Problems of legal regulation of subsoil use: domestic practice and foreign experience] (Almaty, 2011). [in Kazakh]
- 12 Kazakstan Respublikasynyn Orman kodeksi Kazakhstan Respublikasynyn 2003 zhylgy 8 shildedegi №477 Kodeksi [The Forest Code of the Republic of Kazakhstan is the Code of the Republic of Kazakhstan dated July 8, 2003 №477]. [Electronic resource]. Available at: <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/> (Accessed: 08.11.2018). [in Kazakh]
- 13 Bekisheva S.D. Ecologicheskoe pravo Respubliki Kazakhstan [Environmental Law of the Republic of Kazakhstan] (Arko, Karaganda, 2009). [in Russian]
- 14 Kazakhstan Respublikasynyn ekologiyalyk kodeksi Kazakhstan Respublikasynyn 2007 zhylgy 9 kantardagy N 212 Kodeksi [The Environmental Code of the Republic of Kazakhstan is the Code of the Republic of Kazakhstan dated January 9, 2007 N 212] [Electronic resource]. Available at: <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/> (Accessed: 08.11.2018). [in Kazakh]
- 15 Kazakhstan Respublikasynyn memleket zhane kutyk negizderi: oku kuraly [Fundamentals of State and Law of the Republic of Kazakhstan] (Kazakh universiteti, Almaty, 2013). [in Kazakh]
- 16 Nazarbaev N.A. Kazakhstan-2030: Barlyk kazakhstandyktardyn osip-orkendeui, kauipsizdigi zhane al-aukatynyn artuy. El Prezidentinin Kazakhstan halkyna zholdauy [Kazakhstan-2030: Prosperity, security and prosperity of all Kazakhstanis] (Almaty, 2004). [in Kazakh]
- 17 Kulteleev S.T., Rakhmetov E.Sh. Kazakhstan Respublikasynyn ekologiyalyk kutygy: Zhalpy zhane Erekshe bolimi [Environmental Law of the Republic of Kazakhstan: General and Special Part] (Has, Almaty, 2008). [in Kazakh]
- 18 Akimshilik kutyk buzushylyk turaly kodeks Kazakhstan Respublikasynyn 2014 zhylgy 5 shildedegi №235-V QRZ [Code of Administrative Offenses]. [Electronic resource]. Available at: <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/> (Accessed: 08.11.2018). [in Kazakh]
- 19 Kazakhstan Respublikasynyn Kylmystyk kodeksi. 2014 zhylgy 3 shildedegi № 226-V KRZ [Criminal Code of the Republic of Kazakhstan]. [Electronic resource]. Available at: <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/> (Accessed: 08.11.2018). [in Kazakh]
- 20 Kazakhstan Respublikasynyn Kylmystyk kodeksi Kazakhstan Respublikasynyn 1997 zhylgy 16 shildedegi № 167 Kodeksi. Kushi zhoiyldy - Kazakhstan Respublikasynyn 2014 zhylgy 3 shildedegi № 226-V Kodeksimen [Criminal Code of the Republic of Kazakhstan]. [Electronic resource]. Available at: <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/> (Accessed: 08.11.2018). [in Kazakh]
- 21 Agybaev A.N. Kylmystyk kutyk. Erekshe bolim [Criminal law. Special section] (Kazakh universiteti, Almaty, 2016). [in Kazakh]
- 22 Agybaev A.N. Kazakhstan Respublikasynyn Kylmystyk kodeksine tusindirme. Zhalpy zhane Erekshe bolikter [Declaration of the Republic of Kazakhstan Code of Criminal Procedure. Zhalpy and Erekshe total] (Zheti zhargy, Almaty, 2015). [in Kazakh]
- 23 Zhaksybekova F.S. Osimdikter men zhanuarlar duniesine kol sugatyn ekologiyalyk

kylmystardyn kriminologiyalyk problemalary. Zan gylm., kand., gylmi darezhesin alu ushin daiyn., diss., avtoreferaty. [Criminological problems of ecological crimes, which encroach on the flora and fauna]. (Astana, 2008. - 21 p.). [in Kazakh]

24 «Sorttardyn keibir ekologiyalyk kylmystyk kutyk buzushylyktar ushin zhauaptylyk zhonindegi zannamany koldanu turaly» Kazakhstan Respublikasy Zhogary Sotynyn 2004 zhylygy 18 mausymdagy №1 Normativtik kaulysy [About the application of laws on the responsibility of courts for some environmental offenses]. [Electronic resource]. Available at: <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/> (Accessed: 08.11.2018). [in Kazakh]

25 Aktobe oblysynda 8 aida ishinde 10 ekologiyalyk kylmys ashyldy. «Egemen Kazakhstan» [10 ecological crimes were revealed in Aktobe region within 8 months]. [Electronic resource]. Available at: <http://mvd.gov.kz/portal> [in Kazakh] (Accessed: 08.11.2018). [in Kazakh]

Авторлар туралы мәлімет:

Қуаналиева Г.А. - Заң ғылымдарының докторы, «Кеден, қаржы және экологиялық құқық» кафедрасының профессоры, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан.

Басығараев Ж.М. - Биология ғылымдарының кандидаты, «Биофизика және биомедицина» кафедрасының аға оқытушысы, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан.

Шуланбекова Г.Қ. - «Кеден, қаржы және экологиялық құқық» кафедрасының аға оқытушысы, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан.

Саулен Н. – «Мемлекет және құқық теориясы мен тарихы, конституциялық құқық» кафедрасының аға оқытушысы, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан.

Kuanaliyeva G.A. - doctor of Law, Associate Professor of Customs, Financial and Environmental Law Department in al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan.

Bassygarayev Zh.M. - Senior Lecturer, Department of Biophysics and Biomedicine, Al-Farabi Kazakh National University, Candidate of Biological Sciences. Almaty, Kazakhstan.

Shulanbekova G.K. - Senior Lecturer of Customs, Financial and Environmental Law Department in al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan.

Saulen N. - Senior Lecturer at the Department of Theory and History of State and Law, Constitutional Law of the L.N. Gumilev Eurasian National University. Astana, Kazakhstan.